

6-тарау.

Қаржылық болжай және жоспарлау

6.1.

Қаржылық болжай басқару функциясы ретінде

Қаржылық болжай қаржылық механизм жүйесін сипаттайды, экономикалық және әлеуметтік жоспарлаудағы құрамдас бөлік ретінде енеді, мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің қаржылық қызметтінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында болжай жоспарлаудың ғылыми-сараптамалық сатысы, жоспарлы шешімдерді қабылдау үшін негіз болады. Оның басты функцияларына келесілер жатады.

- әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық процестер мен тенденцияларды, нақты жағдайларда құбылыстардың объективті себепті-салдарлы байланыстарын ғылыми тұрғыдан талдау, жағдайды бағалау, экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін анықтау;
- осы тенденциялардың болашактағы әрекетін бағалау және шешімін табуды қажет ететін жаңа мәселелерді болжай (алдын ала білу);
- дамудың нұсқаларын талдау негізінде болашаққа дамудың ұтымды бағыттарын анықтау.

Болжай мүмкіндіктерді қарастырады, нақты мақсаттар мен тапсырмаларды қояды, жоспарда шешілуі тиіс мәселелерді анықтайды, қаржының болашақта даму факторына әсер ету нұсқаларын ұсынады.

Қаржылық болжай – алдын ала, нұсқалы сипаты болатын дамудың болашағын зерттеу; экономикалық тұрғыдан дұрыс шешімді іздеу; мақсаттарды қою, стратегия элементі, әртүрлі фак-

торлар әсерінен даму нұсқаларын талдау және оларды негіздеу. Қаржы әлеуметтік-экономикалық дамудың кезекті жоспарына қатысты жасалынады.

Болжай жоспарлаудың алдында болады және оған ресурстар бөлінбейді, өйткені ол ұзак кезеңмен, мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің стратегияларымен байланысты.

Кәсіпорын, ұйым (фирма) деңгейінде болжай және жоспарлау объектісі болып сұраныс, өнім өндірісі (қызмет көрсету), сату көлемі, материалдық және еңбек ресурстарына қажеттілік, баға, кәсіпорын кірістері, оның техникалық дамуы мен басқалай көрсеткіштер табылады.

Кәсіпорынның болашақтағы дамуын болжай жоспарды дайындаудағы ең маңызды және күрделі кезең, өйткені нарықтың, шығындардың, бағалардың, пайданың болашақтағы өзгеруінің болжамды есептеулерінің негізінде жоба шеңбері мен қажетті ресурстар анықталады.

Бизнес жоспарды құрастырудың алдында кәсіпорынның қаржылық қызметтінің нарықтық талдауы, кәсіпорынның жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сүйене отырып дамуының әртүрлі альтернативаларын техника-экономикалық зерттеулері тұруы керек.

Жүргізілген талдаулар мен зерттеулер негізінде өндіріс пен өнімді өткізу стратегиясы қалыптасады. Шешім қабылдау үшін сенімді және жеткілікті ақпарат болуы қажет. Осылан байланысты болжамның рөлі көтеріледі, тәжірбие де болжамды есептеулердің дәлдігі мен жобаның нақтылығын көтеру үшін пайдаланылатын болжай әдістері жүйесін кеңейту мен жетілдіру талап етіледі.

6.2.

Қаржылық жоспарлау: мәні, көрсеткіштері, процесс кезеңдері

Қаржылық жоспар – бұл қабылданған шаруашылық-саяси шешімді іске асыру, нақты субъекті экономикасының дамуының тактикалық әзірленуі.

Қаржылық жоспарлау – мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің ақша ресурстары мен оларды пайдалану бағыттары арасында балансқа жетуге бағытталған қаржылық қызмет түрі.

Қаржылық жоспарлау қаржы ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану сфераларын, орталықтандырылған және оргалықсyzданырылған типтегі белгілі ақшалай қорларды қамтиды. Ол қаржы ресурстарын қалыптастыру көздерін, олардың көлемін анықтауга, салалар, шаруашылық субъектілер, ел аймақтары спектрі бойынша үйлесімділік пен тәп-тендікке жетуге бағытталған.

Қаржылық жоспарлау қаржы жүйесінің барлық бұындағында пайда болатындықтан қаржылық жоспар жүйесі туралы айта аламыз, олар: бюджеттік, бюджеттен тыс, сактандыру, несие, кәсіпорындардың, мемлекеттің, салалардың, аумақтардың қаржылық жоспарлары және т.б.

Қаржылық жоспарлар қаржы жүйесінің барлық деңгейлерінде және қаржылық қатынастардың барлық субъектілерімен құрастырылады. Ең жоғарғы деңгейде мемлекеттің қаржылық жоспары ретінде мемлекеттік бюджет тұрады.

Қаржылық жоспарлау қаржы жүйесінде қаржы органдарының алдыңғысының тиімділігін анықтайтын бастапқы функция болып табылады.

Мемлекеттік қаржы органдарының тікелей міндеттері болып мемлекеттің кірістері мен шығыстарының нақты көрсеткіштерін, салықтар мен төлемдердің түсін, зайымдарды алу мен қарыздарды өтеудің көздерін жоспарлауды қамтамасыз ету табылады.

Қаржылық жоспарлау фирма ішіндегі жоспарлаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ұйымның ішкі оргасы үшін фирмада ішіндегі жоспарлаудың мәні төмендегілер арқылы анықталады, олар: жасалынған стратегиялық мақсаттарды нақты қаржылық көрсеткіштер нысанына айналдыру, қаржылық ақпаратты ұйымдастыру үшін стандарттарды белгілейді, фирманиң жоспарларының барлық жыныстығын іске асыру үшін қажетті шығындардың қолайлы шегін анықтайды, жалпы фирмалық стратегияны түзету үшін пайдалы ақпаратты береді.

Қаржылық жоспар көрсеткіштерінің құрамы бір жағынан қаржаттардың тұсу көздерімен және келесі жағынан шығындар мен шығыстар арқылы анықталады. Онда мемлекеттік бюджетпен, банк және сактандыру жүйелерімен, бағалы қағаздарды шығару немесе сатып алу бойынша кор биржаларымен қаржылық қатынас сипатын табады.

Қаржылық жоспар пайда, амортизация, несие бойынша түсімдер, қызметтің басқа түрлерінен түсетін түсімдер көрсеткіштерінің есептеулерін қамтиды. Қаржылық жоспар көрсеткіштері жоспарлаудың әрбір кезеңінде шығыстардың көздерін, олардың қатынасын, пайдалану бағыттарын, көздерді бөлу мен олардың шығыстармен тәп-тендігін анықтайтын жүйені көрсетеді.

Қаржылық жоспарларды жасау сыртқы орта болып табылатын жабдықтаушылармен, тұтынушылармен, несие берушілермен, инвесторлармен қарым қатынас жасаудың негізгі құралы болып есептеледі. Олардың сеніміне ұйым қызметінің тиімділігі тәуелді болады, сондықтан қаржылық жоспар шынымен дәлелденген болуы керек. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлар жүйесі келесі элементтерді қамтиды:

- баланс болжамы;
- пайда және залал туралы есеп болжамы;
- қаржылық бюджеттер (ақша қозғалысы) болжамы;
- негізгі қаржылық көрсеткіштер (өтімділік, кірістілік, қаржылық тетік, тұрақтылық) болжамы;
- қаржылық жоспарлаудың нәтижелерін жазбаша баяндау (түсіндірме жазба).

Болуы мүмкін мәмілелердің нәтижелерінің анықсыздығы, еріптестермен нарықтық ахуалдардың екі талайлығына байланысты, қаржылық жоспарлау қаржылық жоспардың тапсырыстар қоржының және тауарлар мен қызметтердің еркін сатылуына бағыттылығы негізінде жасалатындығына қарамастан болжам ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар, экономикалық субъектілерге қофам қажет ететін тауарлар мен қызметтерді өндіруге тұрткі болатын индикативті жоспарлау (кепілдемелік жоспарлау) қолданылады. Ол экономикалық реттегіштерді қолданады.

Қаржылық жоспарлау қай кезде де экономиканың дамуында белсенді рөл атқарады. Бұл қаржылық жоспарларды құрастыру, қарастыру, бекіту және орындауды үйымдастыру процесі, қаржы ресурстарын басқару және қоғамдық өндіріс процесіне әсер етудің тиімді құралы.

Мемлекеттік қаржылық жоспарлау объектісі болып ақша қоры, оның кіріс және шығыс көлемі саналады. Егер де өз кірістері жетпесе ҰБ ақша эмиссиясы немесе мемлекеттік заемдарды шығаруды жоспарлайды

Қаржылық жоспарлау орталықтандырылған және орталық-сыйздандырылған амалдар арасында қарама-қайшылықтар болмағандағы үйлесімділік принциптеріне негізделеді, экономикалық және әлеуметтік жоспарлаумен бірлікте болуы, үздіксіз, дауысты, ашықты, бағынышты, ғылыми, шынайы негізделген, орталықсыйздандырылған, заңмен регламенттелген болуы керек.

Қаржылық жоспарлаудың нәтиежесі қаржылық жоспар болып табылады. Бұл кәсіпорындар мен ұйымдардың, салалардың, аумақтар мен тұтас мемлекеттің, экономиканың қаржылық ресурстармен қамтамасызығын көрсететін, ақшалай кірістері мен жинақтарының құралу және қолдану жоспары.

Жоспардың ресурстар түсімі мен қолданылуы бойынша жоспарлау көлемімен ерекшеленетін әр түрі құрастырылады. Бастапқы және жиынтық қаржылық жоспарларды ерекшелейді

Бастапқысына кәсіпорындардың материалдық өндіріс сферасының ұйымдары мен бірлестіктерінің қаржылық жоспарлары; шығыстары толығымен немесе негізгі бөлігі бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың сметалары; өндірістік емес сфераның қаржылық жопарлары, яғни бірінші карапайым деңгейдің экономикалық субъектілерінің қаржылық жоспарлары жатады. Құрама қаржылық жоспарлар болып жалпы мемлекеттік, салалық, аумақтық концерндердің, трансұлттық корпорациялар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың басқа түрлерінің қаржылық жоспарлары табылады.

Жалпы мемлекеттік жоспарлар болып мемлекеттік бюджет пен мемлекеттің төлем балансы саналады.

Аумактық қаржылық жоспарлар болып аймақтардың – жергілікті бюджеттердің құрама қаржылық балансы саналады.

Қаржылық жоспарлардың әртүрлі түрлері өзара байланысты: салалық жоспарлар бағынышты кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарларын біріктіреді, ал аумактық жоспарлар жалпы мемлекеттік немесе салалық жоспарлардың бөлігі болып табылады.

Қаржылық жоспарлау болашаққа (10, 15, 20, 25 жыл), орта мерзімді, бес жылдық және жылдық болып бөлінеді. Мемлекеттің қаржы ресурстарын басқару, бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын сипаттау және мемлекеттік шотты жүргізу үшін өзіне республикалық және жергілікті бюджеттердің ақшалай қаражаттар жиынтын қамтитын, мемлекеттің шоғырландырылған қаржы балансы әзірленеді. Оперативті (жылдық) қаржылық жоспар болып мемлекеттік кірістің орталықтандырылған бөлігі сипатталатын мемлекеттік бюджет табылады.

Құрама қаржы балансы экономика салаларының қаржылық ресурстарын сипаттайтын қаржылық көрсеткіштер жүйесі арқылы сипатталады, оларды министрліктер мен ведомстволарға нақты байланыстырмай, ірілendірілген көрсеткіштері бойынша құрастырылады.

Ол тәмнедегілерді қамтиды:

- кіріс бөлігін (пайда, салықтар мен алымдар, төлемдер, бюджеттен тыс қорларға аударымдар, амортизациялық сома, салықтық емес төлемдер, капиталмен операциялардан кірістер, кеденде баждар мен кедендей төлемдер және т.б.);
- шығыс бөлігін (инвеститцияларға, дотацияларға, субвенцияларға, әлеуметтік мәдени мұқтаждықтарға, ғылымға, қорғанысқа, мемлекеттік басқару органдарын ұстауга, сыртқы экономикалық қызметке, құқық қорғау органдарын ұстауга, резервтерді құруға шығындар және т.б.).

Оның тағайындалуы – қаржы ағыны мен бөлінетін қаржы ресурстары туралы мәліметтерді беру.

Салалардың құрама қаржылық жоспары кәсіпорындардың қаржылық жоспарларын қамтиды.

Материалдық өндіріс сферасында қаржылық жоспарлар кірістер мен шығыстар балансы деп аталады. Кірістер мен шығыстар балансының классикалық нысаны төрт бөлімді қамтиды:

- кірістер мен қаражаттардың түсі;
- шығыстар мен қаражаттардың бөліп шығарылуы;
- бюджетке төлемдер;
- бюджеттен (ассигнациялау) қаржы бөлүлер.

Қаржылық жоспар нысаны – бұл жоспарланатын кезеңге мәссаңдарды, сандық материалдарды, әртүрлі ұсыныстарды мазмұндау.

Жоспарлау – бұл қаржылық механизм әдісінің элементі және қаржы органдарының басқару функциясы.

Қаржылық жоспарлау объектісі болып шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің қаржылық қызметі табылады.

Олардың қызметінің қортындысы – әртүрлі деңгейдегі қаржылық жоспарлар (жекелеген мекемелердің сметалары және кірістері мен шығыстарының балансы, ұйымдардың құрама, шоғырландырылған жоспарлары, мемлекеттің құрама қаржылық жоспары). Жоспардың әрбір келесі, жоғарғы деңгейі, алдыңғы төменде тұрған жоспарды қамтуы керек, яғни тік байланыс бойынша іске асырылады. Қолденең байланыс қаржы және несие жүйелері элементтерімен қатынаста пайда болады (зейнетакы қорларына, мемлекеттік, әлеуметтік сақтандыру қорларына аударымдар, банк несиеі үшін төлем, сақтандыру төлемдері, бюджетке салықтар мен алымдарды төлеу бойынша және т.б.).

Қаржылық жоспарлау қаржы саясатының дәлелі ретіндегі функциясы, мұнде ол толығымен анықталады, оның принциптері, мәссаңтары, бағыттары іске асырылады; ақшалай қаражаттар көлемі, олардың көздері анықталады, кірістердің өсу резервтері айқындалады, әртүрлі деңгейдегі көздер арасындағы пропорция белгіленеді, қаржы ресурстарын тиімдірек пайдалану тапсырмалары шешіледі, қаржы ресурстарын қалыптастыру мен бөлуді қамтиды.

Қаржылық жоспарлау өндірістік және қаржылық көрсеткіштер негізінде іске асырылады, әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың көн шенберін қамтиды, мұлтіксіз есептеу тех-

никасы мен экономика-математикалық әдістерді пайдаланады. Оның қорытындысы бойынша қаржы саясаты қойған мақсатқа қол жеткізу керек.

Барлық мемлекеттік бағдарламалар қатаң бағытқа ие. Осыған байланысты қаржылық жоспарларды құру процесінде өндірістік емес шығындарды қысқарту негізінде қаржылық ресурстардың өсуі үшін материалдық, еңбек, қаржылық резервтер анықталады.

Нарықтық экономикадағы қаржылық жоспарлаудың ерекшеліктері болып айырбас сферасының көрсеткіштерін есепке алу табылады, яғни өнім өндірісі мен оны өткізуде қоғамдық қажетті еңбек шығынын тану, ал әкімшілік жоспарлы экономикада бөлу процестеріне тіреу жасалады. Бұл қаржылық жоспарлауда анықтаушы болып ақшаны, бағаны, құн заңын, сұраныс пен ұсынысты қамтитын механизмі бар нарық табылады, ейткени нарықтық процестер нәтиженің анықсыздығының маңызды дәрежесіне ие, болжай әдістерін басым пайдалану керек. Қаржылық болжай қаржылық жоспарлаудан бұрын жасалады.

Қаржылық жоспар үш кезеңде жасалынады:

- алдыңғы жылғы жоспардың орындалуын талдау.
- кірістер мен шығыстардың белгілі түрлерінің есебі.

Кірістер мен шығыстардың жалпы сомасын тенестіру, кірістер мен шығыстардың жекелеген түрлерін түзету немесе бюджет тапшылығын жабуды анықтау.

Қазақстанда бюджеттер мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде заң ретінде бекітіледі және орындалуға міндетті. Сонымен қатар әрбір бюджеттік емес қор бойынша қаржылық жоспарлар жасалынады және бекітіледі. Ірі бюджеттен тыс қорлар бойынша да заңдар кабылданылады, олардың қаржылық жоспары мемлекеттік емес бюджеттер деп аталады.

Коммерциялық ұйымдардың қаржылық жоспарлары кірістер мен шығыстар балансы нысанында бөлімдерге бөліп жасалынады.

- кірістер мен басқалай түсімдер (пайда, алынған жанама салықтық құраушылар, амортизация, бағалы қағаздардың күтілетін эмиссиясы және т.б.);
- шығыстар мен аударымдар (пайданы пайдалану бағыттары, ресурстарды төлеу бойынша басқалай шығындар);

- несие жүйесімен ара катынастар (несиелерді өтеу; пайыздарды төлеу; несиені алу);
- бюджет пен бюджеттен тыс қорлармен арақатынасы (салықтарды төлеу, бюджеттен ассигнациялау).

Бұл ұйымдар жоғарғы ұйымнан басқа ешкім бекітпейтін белшекті қаржылық жоспар жасайды, сондыктан ол өз жоспарларын ықшамдап жасай алады.

Коммерциялық емес ұйымдар қаржылық жоспарларын бюджеттік қаржыландыру жағдайында шығыстар сметасы нысанында құрастырады, ал егер кірістердің басқа да көздері болатын болса, онда қаржылық жоспарға кірістер мен шығыстар болімі қосылады. Сметаға барлық мүмкін және болуы мүмкін шығындардың баптары енгізіледі (материалдар, жалақы, коммуналдық қызмет, қондырылар және т.б.)

Кәсіпорындардың қаржылық жоспары қаржылық көрсеткіштердің өзара байланысын, кірістерді бөлу мен ақшалай қаражаттар қорларын құруды қамтамасыз етеді. Стратегиялық қаржылық жоспар – кәсіпорынның құпияларының бірі.

Қаржы ресурстары мен салымдарды жоспарлау бюджет, банктер, акционерлер алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік береді және кәсіпкерлік қызметті қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Қаржылық жоспарлау кеңінен тарапуда, бірақ директивті емес көп жағдайларда индикативті болуда. Қаржылық жоспардың есептеулерінің нақтылығын көтеру және жаңа жыл басына дейін дайындау мерзімін қысқарту, сонымен катар оның тұрақтылығын нығайту керек. Қаржылық жоспарлаудың дәлдігі өндірістік қызметтің негізгі көрсеткіштерін, нарықтың конъюнктураны, ақша айналысы мен тенге бағамының жағдайын болжаудың саласына тәуелді болады. Олардың тұрақсыздығы резервтерді қарастыру қажеттілігін туындалады.

Қаржылық жоспарлау процесі бірнеше сатыдан тұрады:


- қаржылық жоспар жобасын құрастыру;
- қаржылық жоспарды қарастыру;
- қаржылық жоспарды бекіту;
- қаржылық жоспардың орындалуын ұйымдастыру және орындалуы туралы есепті жасау.

Қаржылық жоспарлау жоспарды ендірумен және олардың орындалуына бақылау жасаумен аяқталады.

Қаржылық жыл – қаржылық жоспар орындалатын уақыт кесіндісі.

Қаржылық кезең – жобаны жасау басталған кезден оның орындалуы туралы есепті құрастыруға дейінгі сатыларды қамтитын уақыт кесіндісі.

Қаржығылымының жіктелуінің қазіргі сатысында қаржылық жоспарлау мен болжау жеке қаржы пәніне бөлінді.



6.3.

Қаржылық жоспарлау әдістері

Экономиканы болжау және жоспарлау күрделі, көп сатылы және итеративті процесс, оның барысында әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық мәселелердің кең шенбері шешілуі тиіс. Сол үшін әртүрлі әдістер үйлесімділігін пайдалану қажет. Жоспарлы қызмет теориясы мен жоспарлауды жасаудың әртүрлі әдістерінің маңызды топтамасы жинақталған. Ғалымдардың бағалаулары бойынша болжаудың 150-ден аса әртүрлі әдістері бар; тәжірибеде негізгілері ретінде 15-20 ғана пайдаланылады. Информатика құралдарының дамуы болжау мен жоспарлаудың қолданылатын тәсілдері шенберін кеңейтуге, оларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ең көп тарапандары болып экономикалық талдау, коэффициенттік, баланстық, бағдарламалық максатты, экономика-математикалық, нормативтік, статистикалық, нольдік база әдісі, жүйелі-түрлендірлемлік, математикалық модельдеу әдістері саналады.

Экономикалық талдау әдісі есеп пен есептілік мәліметтері негізінде қаржы қатынасы субъектілерінің қызметтінің әртүрлі жақтарын кешенді, өзара байланысты зерттеуін көрсетеді.

Коэффициенттік әдіс немесе экстраполяция әдісі бірката жылдардың есепті мәліметтері негізінде болашаққа өсу қарқынын есепке ала отырып, тренд құруды қарастырады. Оның кемшілігі -

шығыстардың жекелеген түрлері бойынша қаржылық ресурстарға деген өзгермелі қажеттілігін, сонымен қатар кірістердің жекелеген түрлері бойынша резервтерді толығымен есепке алмауында.

Нормативті әдіс қаржылық көрсеткіштерді белгіленген нормалар мен нормативтер негізінде есептеу кезінде қолданылады. Бұл тәсіл дәлірек, бірақ есептеулердің үлкен көлемі мен оларды алу мүмкіндіктерін есепке алмайды. Ол қаржылық жоспарлау негізделген нормалар мен нормативтерден тұратын нормативті базада құралады деп қарастырады. Осы нормалар мен нормативтер көмегімен шаруашылық субъектілерінің мемлекетпен қаржылық қатынастары реттеледі (мысалы, салық ставкалары мен бюджетке, бюджеттен тыс қорларға басқалай төлемдер). Осы аумақтан белгілі салықтар республикалық бюджетке, белгілілері жергілікті бюджетке алынады. Бір окушыға бір жылға кететін шығындар нормативі, құрылышқа үлесті күрделі салымдар нормативі, әртүрлі типтегі білім беру мекемелеріне қондырығылар алу мен күрделі жөндеуден өткізуін нормативтері және т.б. белгіленеді. Қаржылық нормалар мен нормативтерді пайдалану қаржы қатынастарына тұрақты сипат береді.

Баланстық әдісте шығындар, оларды жабу көздерімен байланыстырылады. Әдіс бюджет тапшылығын жабудың көздерін анықтауды талап етеді. Бұл материалдық, еңбек, құндық үйлесімділіктерді жоспарлы сақтау әдісі.

Жоспарлау тәжірибесінде баланстар жүйесі қолданылады, олар: натуралды (материалдық), құн (ақшай), еңбек, халық шаруашылығы балансы және сала аралық баланс. Әрбір салада және тұтас халық шаруашылығында өндіріс жоспарлары натуралды және ақшалай сипаттағы өнім мен қызметтің нақты түрлерін тұтыну жоспарларымен байланыстырылады. Құндық (ақшалай) баланстар үдайы өндірістің құндық үйлесімділігін белгілеуге мүмкіндік береді; өндірістік шығындардың орнын толтыру; мемлекет пен халықтың кірістерінде, тұтынушылық сұраныс мөлшері мен тауарлық қорларда дұрыс қатынасты қамтамасыз ету және т.б. Олар өндіріс, бөлу және мемлекеттің, салалардың, аймактардың, кәсіпорындардың, халықтың кірістері мен шығыстарын пайдалану арасында байланысты іске асыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламалы-мақсатты әдіс мемлекеттік деңгейде ғылыми-техникалық бағдарлама базасында қолданылады.

Автоматты әдіс өткен жылдың мәліметтерін толық көлемде инфляция коэффициентіне көбейте отырып пайдалануды қарастырады.

Статистикалық әдіс өткен жылғы шығыстар сомасын осы жылдар санына бөлу арқылы пайдаланады.

Нөлдік база әдісі өткен жылдың мәліметтерін есепке алмайды, тек жаңа жылдың көрсеткіштерін колданғы қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді есепке ала отырып қалыптастырады.

Бес жылдық жоспарлауда – дәрежесі бірінші жылдан бесінші жылға дейін өседі.

Жоспарлаудың бұндай әдісін жүйелі–турлендірмелі деп атайды. Ол үйымның мақсаттары мен тапсырмаларын мазмұндауды, оларға жету үшін қаржаттарды анықтауды қарастырады, бюджет көрсеткіштерін көрсетеді.

Математикалық модельдеу әдісін процесс моделін құру мен оны қаржылық көрсеткіштермен толықтыруға негізделген. Ол болжада мен жоспарлау процесінде зерттелетін экономикалық процесстерді математикалық тәуелділіктер мен қатынастар түрінде ресми сипаттаманы көрсететін, әртүрлі экономика-математикалық модельдерді пайдалануды ұсынады.

Келесі модельдерді ерекшелейді: матрицалық, ұтымды жоспарлау, экономика-статистикалық (трендті, факторлы, эконометрикалық), еліктемелік .

Экономика-математикалық модельдерді іске асыру үшін экономика-математикалық әдістер қолданылады.

Сонымен қатар тарихи аналогтар мен үлгі бойынша болжада әдістері де пайдаланылады. Экстраполяция әдістерінің арасына ең аз квадрат әдісінегізделген, функцияларды тандау әдісі кеңінен таралған.

Бизнес-жоспар көрсеткіштерін болжада келесі әдістер жүйесін пайдаланған дұрыс болады: сарптамалық бағалау, факторлы модельдер, онтайландыру әдістері, нормативті әдіс. Өнімге (қызметке) деген сұранысты, өндіріс шығындарын, баға мен пайдалану болжадаға ерекше мән берілуі керек. Ишкі және әлемдік нарықты

зерттеу, жүргізу, сұраныс икемділігінің талдауын іске асыру көрек. Қазіргі кезде басқарудың техникалық және бағдарламалық құралдарының болуы көп нұсқалы есептеулерді іске асыруға, ұтымды шешімді тандауға мүмкіндік береді.



Бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық болжай мен жоспарлаудың қаржы саясатының қаржы механизмімен байланысы қандай?
2. Қаржылық болжайдың қаржыны басқару процесіндегі орнын анықтаңыз.
3. Болжай процесіне мінездеме беріңіз.
4. Жоспарлау процесінің басқару функциясы ретіндегі ерекшелігін атаңыз.
5. Қаржылық жоспар көрсеткіштерінің құрамы қандай?
6. Қәсіпорындарда қаржылық жоспар құрамы қандай?
7. Қаржылық жоспарлау обектісі не?
8. Қаржылық жоспарлау әдістерін атаңыз және оған сипаттама беріңіз.
9. Қаржылық жоспарлау сатыларын атаңыз.
10. Қаржылық жоспардың заңды нысаны бар ма?